



"ӘРКІМ ӨЗ БІЛГЕНІН
ЖАСАУДЫ ҚОЮ КЕРЕК..."

2



ЖҮЗ ЖАСАҒАН
ЖҮРЕКТІҢ СЫРЫ

4



№5-6 (746). 13 ақпан, 2026 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



ПРЕЗИДЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ КӨБІРЕК ОҚУҒА КЕҢЕС БЕРДІ

ТОҚАЕВ ШЕНЕУНИКТЕРДІҢ ЦИФРЛАНДЫРУ УӘДЕЛЕРІ
АРҚЫЛЫ АҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ: ҚҰЙТЫРҚЫ ӘДІС

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев шенеуніктердің цифрландыруды уәде ету арқылы өздерін ақтауын сынға алып, цифрлық мемлекет құруға назар аударуды тапсырды, деп хабарлайды КазТАГ-тың тілшісі.

«Цифрлық мемлекет құру мәселесіне айрықша көңіл бөлу керек. Бұл Қазақстанның болашағына тікелей әсер етеді. Жаңа ғана бұл саланың еліміз үшін стратегиялық маңызы туралы айтып кеттім, баршаға түсінікті деп ойлаймын. Сондықтан жұмысқа селқос қарап, жайбарақат жүруге болмайды. Әйтпесе, қолдағы мүмкіндіктен айырылып қаламыз. Цифрлық тәсілдер арқылы артық шығынды қысқартып, әкімшілік кедергілерді еңсере аламыз. Басқару ісіндегі тиімсіз шешімдерді барынша азайтуға болады.

Жасанды интеллектіні толыққанды енгізу бүкіл цифрландыру саясатының өзегі болуға тиіс. Жа-

санды интеллектіге негізделген аса маңызды цифрлық жобаларды жүзеге асыру мәселесін айрықша назарда ұстау керек», - деді Тоқаев сейсенбі күні үкіметтің кеңейтілген отырысында.

Оның айтуынша, үкімет мұндай жобаларды толық әрі уақтылы қаржыландыру үшін негізгі басымдықтарды нақты белгілеп алуы қажет.

«Әйтпесе, ауқымды жоспардың бәрі қағаз жүзінде қалып қояды. Алдымызда айқын бағдар болмаса, қандай стратегиямен де мақсатқа жету оңай болмайды. Сонымен қатар тағы бір кемшілік көзге анық көрінеді. Үкімет мүшелері мен әкімдер өздеріне сеніп тапсырылған салалар мен облыстардағы барлық олқылықты цифрландыруға «жаба салады». «Жапай цифрландыру енгізілсе, Сіз көрсеткен олқылықтар мен кемшіліктер өздігінен жойылады» дейді. Бұл арада не айтуға болады? Адамдар өзін қорғаудың, басын арашалап алудың небір құйтырқы әдісін табады», - деді ол.

(Жалғасы 2-бетте).



Владимир Смирнов,
Олимпиада чемпионы

ОЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРІНЕ ҚАНША СЫЙАҚЫ БЕРІЛЕДІ?

Италияда өтіп жатқан қысқы Олимпиада ойындарында жеңіске жеткен спортшыларға қанша ақшалай сыйақы беріледі? Forbes мәліметінше, Қазақстан алтын медаль үшін ең жоғары төлем ұсынатын елдердің қатарына кіріп отыр.

Басылымның жазуынша, Милан мен Кортинада өтетін Олимпиадаға қатысатын 92 ел мен аумақтың кемінде 37-сі спортшыларына медаль үшін қаржылай бонус төлейді. Жеке-кей спорт түрінде алтын алған атлеттерге берілетін сыйақы мөлшері елдерге қарай айтарлықтай өзгереді. Жаңа Зеландияда шамамен \$3 мың болса, Сингапурда \$787 мыңға дейін жетеді. Сондай-ақ жоғары төлем ұсынатындар қатарында Гонконг (\$768 мың) пен Польша (\$355 мың) бар.

Forbes дерегіне сәйкес, Қазақстанда жеке-кей дисциплина бойынша Олимпиада чемпионы атанған спортшы шамамен \$250 мың алады. Бұл көрсеткіш Италиядағы (\$213 мың), Кипрдегі (\$177 мың), Болгариядағы (\$151 мың), Литвадағы (\$133 мың), Косоводағы (\$130 мың) және Эстониядағы (\$118 мың) төлемдерден жоғары.

Салыстыру үшін, АҚШ-та Олимпиада чемпионына берілетін бонус небәрі \$37 500-ды құрайды. Жалпы алғанда, кемінде 13 ел мен аумақ әрбір жеке-кей алтын иегеріне \$100 мыңнан астам сыйақы төлеуге дайын.

Айта кетейік, 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындарының алтын медальдарының құрамында шамамен 6 грамм алтын және 500 грамм күміс бар. Қазіргі металл бағасын есептегенде, бір медальдың өзіндік құны \$1 мыңнан асады.

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



«ЖАҚСЫ СӨЗ ТЫҢДАҒЫСЫ КЕЛЕТІН
АДАМДАР БАРЛЫҚ УАҚЫТТА ТАБЫЛАДЫ»

5



ҚАЗАҚ ҚЫСТА ҚАНДАЙ
ОЙЫН ОЙНАҒАН?

6



ПРЕЗИДЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ КӨБІРЕК ОҚУҒА КЕҢЕС БЕРДІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ол сапалы цифрлық даму үдерісін жеке сектормен тығыз байланыста қараған жөн екендігін атап өтті.

«Үкімет бизнес саласына цифрлық тәсілдерді белсенді түрде енгізуге мүмкіндік беретін арнайы қолдау шараларын әзірлеуге тиіс. Қазір мемлекет көрсететін қызметтерді цифрландыру, мемлекеттік базаларды өзара кіріктіру жұмысы жүріп жатыр. Бірақ мұның бәрі мәліметтерді басқару ісінің сапасын жақсартпай отыр. Әзірге оң өзгерістер көрінбейді. Бірыңғай стандарт енгізіп, мәліметтерді мемлекеттің стратегиялық ресурсы ретінде басқаруға көшу өте маңызды. Үкіметке стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен, сондай-ақ Ұлттық банкпен бірлесіп жыл соңына дейін мемлекеттік мәліметтерді басқарудың біртұтас жүйесін құруды тапсырамын», - деп мәлімдеді мемлекет басшысы.

Оның сөзінше, соңғы кезде мемлекеттік цифрлық жүйелердің жұмысынан ақау шығып жүр. Бұл қазіргі IT-тәсілдердің технологиялық жағынан ескіргенін және басқару сапасының төмендігін көрсетеді.

«Мұндай олқылықтар мемлекеттік бизнес өкілдерімен және азаматтармен қарым-қатынасына кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ тиімді цифрлық орта қалыптастыру жұмысын тежейді. Цифрлық

өзгерістің бәрі QazTech платформасының негізінде жасалуға тиіс. Үкіметке бірыңғай цифрлық платформаға көшуге тура келеді. Бұл – маңызды міндет. Бұған дейін ведомстволардың бәрі цифрландырумен ешқандай бақылаусыз, өз бетінше айналысып келді. Бұл техникалық проблемаларды көбейтіп қоймай, қазына қаржысын оңды-солды шашуға әкеп соқты», - деп атап өтті президент.

Мемлекет басшысы бас прокуратурада өткен жиында үкімет мүшелері шашыраңқы жүйелердің басын біріктіруге қанша қаржы қажет екенін жария еткені қосты.

«Басын ашып айтайын, мұндай ақша жұмсалуды мүмкін емес. Ел аузында жүрген бір құрылысшы-шенеунік айтқандай, ақшасы болса, ғимаратты ақымақ та салады, ал осы міндетті қаржысыз шешуге шеберлік қажет. Ал шеберліктеріңізді көрсетіңіздер. Үкімет бюджеттен қыруар қаражат шығындамай, тапсырманы орындаудың жоспарын ұсынуға тиіс», - деді Тоқаев.

Сондай-ақ ол мемқызметшілерден белсенді жұмыс істегенсіп, көзбояушылықпен айналысуды доғаруды талап етті. Қазір қорқыныштан қалтырап отыратын заман емес, деген ол үкіметке, өткен қателіктерді қайталамай, батыл шешімдер қабылдауды тапсырды. Үкіметке дербестік берілді, енді нәтиже керек деді, мемлекет басшысы.

“ӘРКІМ ӨЗ БІЛГЕНІН ЖАСАУДЫ ҚОЮ КЕРЕК”: ҮКІМЕТКЕ БЮДЖЕТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА РЕВИЗИЯ ЖҮРГІЗУ ТАПСЫРЫЛДЫ

Президенттің пікірінше, мемлекеттің тиімсіз шығындарын қысқарту үшін қолданыстағы бюджет бағдарламаларын бастан-аяқ қайта қарау қажет.



«Бұл – өте маңызды міндет. Мұны орындауды созбалаңға салмаңыздар. Бұл істе Қаржы және Экономика министрліктері қатаңдық пен табандылық танытуы керек. Бюджет қаржысын игерудің қазіргі критерийінен бас тартып, мемлекеттік инвестицияның тиімділігін басқаруды күшейткеніміз дұрыс. Үкімет пен әкімдер бюджет игерілмей қалуынан қауіптеніп, жобаларға қаржы бөлу тәжірибесін доғаратын кез келді. Ең сорақысы, мұндай шешімдер субъек-

тивті түрде қабылданып, қаржы таңдаулыларға ғана беріледі. Токетері, әркім өз білгенін жасағанды қою керек. Енді мұндайды мемлекет мүддесіне қасақана қарсы әрекет ету деп қарастырамыз», - деді Тоқаев.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бюджет қаржысы азаматтарымызға нақты пайда әкелетін және ұлттық экономика дамуына септігін тигізетін жобаларға берілуге тиіс.

«Үкіметке биыл 1 мамырға дейін бюджет бағдарламаларына ревизия жүргізіп, мемлекет есебінен қаржыландырылатын жобаларды іріктеу механизмін жетілдіру тапсырылады. Бұл квазимемлекеттік секторға да қатысты. Мен жолдауда бұл мәселе туралы айттым: бюджет шығындарының ашықтығын қамтамасыз ету үшін, яғни қаржы қайда, қалай және не үшін жұмсалып жатқаны айқын болуы үшін цифрлық теңгені белсенді пайдалану қажет. Қазір бұл тәсіл мемлекеттік сағып алу жүйесінде, субсидиялау кезінде, сондай-ақ, Ұлттық қордан ірі жобаларға қаражат бөлу барысында тиімді қолданылып жүр. Бұл құралды басқа да салаларға енгізіп, аясын кеңейту керек», - деді Президент.

Бүгінгі сөз

...кітаптар мен мақалаларды оқымай-ақ, мазмұнын тыңдай салатын мүмкіндік пайда болды. Бірақ бұл мемлекеттік қызметкерлерге жараспайтын әдет. Оқу керек. Әйтпесе зейнет жасына жеткен кезде ойлану қабілетінен айырылып қаласыздар.

ҚР Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

КӨМЕККЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КЕЛДІ

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «2026 жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялау» туралы Жарлыққа қол қойды.



Жасанды интеллектті тиімді әрі ұтымды пайдалану табиғатты қорғау, молайту және пайдалану бойынша күшті көмекші құрал. Атап айтқанда экожүйелерді бақылау, жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, табиғи апаттардың алдын-алу, деректерді талдау және шешім қабылдау сияқты мүмкіншіліктер береді. Бұл адам мүмкіндігін кеңейтіп, табиғатты сақтауда уақытты, ресурсты және күшті үнемдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі таңда табиғатты қорғауда жаңа технологиялар қажет. Ал жасанды интеллект – тиімді шешімдердің

бірі. Болашақта жасанды интеллект экология, табиғат саласының ажырамас бөлігіне айналатыны анық. Әрбір жаратылыстың жақсы және жаман тұсы болады. Біз өзімізге қажетті тұсын пайдалансақ, онда зор табыстарға жетеміз. Табиғатты сақтау – әрбір адамның міндеті, ал жасанды интеллект осы жолда сенімді көмекші бола алады.

Н.АЙМБЕТОВ,
Орман және өсімдіктер дүниесін қорғау мен өсімін молайту бөлімінің меңгерушісі



ШЫМКЕНТТЕ АТАУЛЫ КӨМЕК АЛУШЫЛАР ҚАНШАҒА ҚЫСҚАРДЫ?

Шымкент қаласында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар саны өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай азайған. Бұл көрсеткіш Шымкент қаласындағы әлеуметтік саясат пен жұмыспен қамту бағытындағы жүйелі шаралардың нақты нәтижесін байқатады. Мемлекет халықты әлеуметтік қолдау арқылы тек қана материалдық көмек беріп қана қоймай, азаматтарды тұрақты жұмысқа тарту, кәсіби білім алу, жастар практикасына және қоғамдық жұмыстарға қатысу сияқты бағыттарға бағыттап келеді.

2025 жылы атаулы әлеуметтік көмек 5 158 отбасыдағы 27 238 адамға тағайындалған. Ал 2024 жылы бұл көрсеткіш 8 810 отбасыны, яғни 45 955 адамды құраған. Осылайша, көмек алушылар саны 41,5 пайызға қысқарған. Мамандардың пікірінше, бұл ең алдымен халықты жұмыспен қамту тетіктерінің күшейгенін көрсетеді. Көмек алушыларға бағытталған шаралар тек ақшалай төлеммен шектелмей, олар-

ды оқытуға, тұрақты жұмысқа тартуға, әлеуметтік жұмыс орындары мен гранттар арқылы қолдау көрсетуге бағытталған. Осы шаралардың арқасында көптеген отбасы тұрақты табыс көзіне ие болып, мемлекеттік әлеуметтік қолдауға мұқтаждықты біртіндеп жоя бастады.

Сонымен қатар, 2025 жылы бір жастан алты жасқа дейінгі 26 203 балаға қосымша төлем тағайындалған, олар 4 814 отбасыда тәрбиеленуде. Бұл да әлеуметтік көмектің мақсатты түрде беріліп отырғанын аңғартады.

Жалпы, атаулы әлеуметтік көмек алушылар санының азаюы – қала тұрғындарының еңбек нарығына белсенді түрде тартылып жатқанын, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының нақты нәтижесін беріп отырғанын көрсететін маңызды көрсеткіш. Бұл бағыттағы өзгерістер алдағы жылдары әлеуметтік саясатты одан әрі жетілдіруге жол ашады.

Терең өзен үнсіз ағады. Өнерді терең меңгергендер де солай екен. Оңтүстікте Каналбай Сейілбекұлы атты өнерпаз бар. Өнші, термеші, ұстаз. Бүгінде әдемі қартайған, қолына домбыраны көп алмағанымен, өнегелі әңгімесі аузынан түспеген құрметті жан. Шежіре. Әңгімесінде «меннен» гөрі «бізі» көп. Мен «мықты едім» демейді, менің ұстаздарым, ортам, қатарластарым мықты еді дейді. Оның өмірі ізденіспен егіз сияқты. Бала кезінен халқымыздың өн, күй өнерінен, атақты ақын-жыраулардың шығармаларын жаттап, айтып өскен ол мектеп бітіре сала, аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болды. Ауыл-ауылды аралап өнер көрсетті. 1968 жылы 29 жасында келіншегін 4 баласымен ауылда қалдырып, Ташкен театр институтының қазақ жастарынан құралған «музыкалық театр актері» факультетіне күндізгі бөлімге оқуға түсіп, бітірген соң Жетісай қазақ музыка театрының актері бола жүріп, осындағы мәдени-ағарту колледжінде режиссурадан сабақ берді. Кейін мәдениет саласына жұмысын ауыстырды. Бұл ресми мәліметтер. Осы уақыттарда Каналбай Сейілбекұлы қолынан домбырасын тастамай аудандық, облыстық, республикалық, одақтық байқауларға қатысып, бағын сынады. Жеңімпаз атанды. Әр байқау, атқарған жұмыстары оның адамдық болмысын өзгертті, байытты. Жақсыға жанаса жүрді, ұлылардан сабақ алды. Ол ресми атақ алған жоқ, халық өнерпазы, ағартушы өнерпаз атанды. Адами құндылықтарды түгендеумен өткен өмірлік ізденістері өз жемісін берді. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз адамның өмірге адам болып келіп, әнші, әкім, сот, прокурор емес, адам боп кететінін дәлелдеп жүрген жан.



Каналбай СЕЙІЛБЕКОВ,
әнші-термеші:

Әкем өте момын, біреудің көңілін қалдырмайтын, артық сөз айтпайтын, арабша оқыған зиялы адам еді. Түнімен намазын оқып, кітабын аударып отыратын, жарықтық. Көп ақыл айтпайтын, жақсы көргенін көрсетпейтін. Шешеміз әй, мынау 13 баладан қалған Каналбай ғой, кішкене мейірімді көрсетіп, құшақтап қойсай десе, арқамнан қағып-қағып қоятын. Сонда да құшақтамайтын. 12 баланы жоғалтқан оңай емес, көз тиеді, сөз тиеді дей мекен.

Енді анам тарихтан көп айтатын сөзге ұста кісі еді. Көп мәліметті анамнан алдым. Әкесі би болған адам, насихатты көп айтатын парасатты адам болды.

– Есіміңіздің Каналбай болуы да Мырзашөлді игерумен байланысты болып отыр ғой.

– Иә. Ол кезде ауып бардык деп баласының атын Ауганбай, Каналбай деп қоятын. Біздің ауылда екі Каналбай болды.

– Домбыраны қанша жасыңызда ұстадыңыз қолыңызға?

– 5-6 жаста болу керек. Менің әкемнің

– Өміріңізде, мемлекет басқарған тұлғаларды айтпағанда, қазақ өнерінің тарихында қалған ұлт зиялыларымен де жолыңыз түйіскен екен. Бұл кісілерден қандай өнеге алдыңыз, өнерпаз, адам болып қалыптасуда бұл кездесулердің қандай әсері болды?

– Мырзашөл өңіріндегі Киров халық театрының құрылуына өлшеусіз еңбек сіңірген Ханби Апаев деген азамат бар. Менің өміріме сәуле түсірген бір жұлдыз болса, олы Ханби Апаевтың жұлдызы. Есейген шағымда Театр және өнер институтына түсуіме бағыт берген де, әнші ретінде алғаш бағалап, сенім білдіріп, үміт артқанда сол кісі болды. Сол үміт пен сенім ауылда жүрген мені арнайы алдырып, сол кездегі кеңес үкіметінің астанасы Мәскеуде «Қыз Жібек» драмасында Шегенің бейнесін (қосалқы) сомдатты, Кремль сахнасында «Он алты қыз» әнін асқақтаттым. Ханби Апаев ізденістің адамы еді. Сол ізденісінің арқасында, аудандағы шағын үйірмені, «халық театры» дәрежесіне жеткізді. Егер менің бойымда ізденгіштік қасиет болса, ол осы өмірлік ұстазымнан алғаным.

Ал, аңыз адам Құрманбек Жандарбековпен тағдыр жолым сол Мәскеу сапарында түйісті. Қазақ музыкалық драма театрының негізін қалаушы Жұмат Шаниннің аманатына адал болған Жандарбеков оңтүстікте халық театрларының ашылуына бастамашы, жәрдемші болған адам. Киров халық театрының Мәскеуде қойылған «Қыз Жібек» операсына режиссерлік етті. Жиырма жастағы маған Шегенің ролін берді. Сол концертке Ғабит Мүсіреповты ертіп келді. Құрманбек Жандарбеков жастарға сенетін, солардың ішінде нағыз өнерпазды талмай іздеп, бірден үлкен сахнаға жетелейтін. Егер мені өзімнен кейінгі өнерпаздар ұстаз тұтатын болса, қандай да бір өздеріне өткен жақсылығымды өнеге етіп айтса, онда бұл қасиеттің қазақтың Құрманбекінен жүкканы.

Мен ол кісіден бір консерватория бере алмайтын актерлік шеберлік тәлімін ғана бойыма сіңірген жоқпын, адамгершілік құндылықтарын қоса алдым.

Кейін Жетісай музыкалық драма театрының ашылу кезеңінде кино және драма актері, режиссер, әнші Қасымхан Шанин, дарынды әнші Мұхтар Өтебаевпен қызметтес болдым. Мен бағыстың терме-әндерін орындайтын өнерпазбын. Өзі шебер әнші Қасымхан Шанин шырақтан әндеріме риза болып «Менің Ғарифоллам» деп көтермелейтін. Мен ол кісіден әнді образға салып орындауды, актерлік шеберлікті үйірдім. Өнердің рухтас адамдарды бауырға айналдыратын қасиеті бар. Біз ағалы-інідей сыйластық. Атақты жыршы-актер Мұхтар Өтебаевпен араластығымыз қызық басталды. Мен Ташкендегі оуымды бітіріп келгенде ол кісі театрға Алматыдан арнайы шақыртылып келген екен. Ұжымдағылар «Бізге Каналбай деген әнші бар, ән салғанда бейнебір Ғарифолла тіріліп келгендей әсерде боласын» деп айтып

«ЖАҚСЫ СӨЗ ТЫҢДАҒЫСЫ КЕЛЕТІН АДАМДАР БАРЛЫҚ УАҚЫТТА ТАБЫЛАДЫ»



жүреді екен. Тіпті қоймайсындар, танытырыңдаршы, Сол Каналбайларыңмен дейді ғой. Кейін елге аты шыққан әнші-актер ағамыз мені жанымнан қалдырмай ертіп жүрді, інісіндей көрді. Осылай өнерімнің өрісі кеңейді. Мен Мұхтар Өтебаевтан өнерге де, өзіңе де адал болуды үйірдім.

– Ғарифолла Құрманбековты өмірде көрдіңіз бе, кездесудің сәті түсті ме?

– Мен өзі мектеп көрмеген құмды ауылда мал бағып жүріп, ән айтып, даусы ашылған адаммын. Әкем ата кәсіппен айналысқан адам. Көкірек көз ашық еді, жарықтықтың. Зейнет жасына жақындағанда, балам, өнерің бар, елге жақында деп, батасын берді. Ауыл шаруашылығы саласына байланысты мамандық таңдасам, ауылда жұмыссыз қалмаспын деген оймен кәсіптік техникалық орта оқу орнына түстім. Бойымдағы өнерді жасырғым келген. Болмайды екен. Көркемөнерпаздар үйірмесіне жазылып, өнерімді шыңдап жүрмін. Училище директоры Шекербек Мырзалиев деген өнерге жақын, өзі де ән салатын адам екен. Менің қабілетімде байқап Шымкенттегі өнер байқауына ертіп барды. Дауысыма қарай «Ақ кербез» әнін тандап берді. Сол жолы бірінші орынға ие болып, республикалық өнер сайысына жолдама алдым. Ағайымның қуанышында шек жоқ. Байқау опера және балет театрында өтті. Жұлдемен де, басқамен де жұмысым жоқ, бар ойым «Ақ кербезді» өз дәрежесінде орындау, ұстазымның үмітін ақтау. Сахнаға шығып, әнді бастадым. Ғажап сезім, әннің әр сөзі көз алдымда бейнеге айналып жатыр. Құмды дала, көктемде жасыл кі-

лемге оранатын төбешіктер, ауылдың ғажап суреттері, қызғалдақты қырлар, гүл терген ару көз алдымнан осындай дүниелер өтіп жатты. Өнді аяқтап, басымды идім, залдағылар дүркірете қол соқты. Өзімде терге малшындым. Сахна сыртына шыққаным сол алдымнан шыққан жігіт «Ғарекеннің алдында «Ақ кербезді» орындаған сенде жүрек бар екен» деді. Сондай білдім, Ғарифолла Құрманбековтың қазылар алқасында отырғанын. Кейін ойлаймын, білмегенімде жақсы болған екен, білгенде қобалжыр ма едім деп. Байқау бітіп, қазылар алқасы сахнаға шықты. Менің 1-ші орын алғанымды хабарлаған Ғарифолла Құрманғалиев орындауыма әнге ішкі тереңдік, драматизм керек. Ақ кербез әнінің тереңіне бойлап, ішкі сезім иірімдерін ашты деп баға берді. Арқамнан қағып, 1 дәрежелі диплом және домбыра табыстады. Мен қазақтың ән айтса дауысы алты қырды тербеткен әншісін көзімнен көріп қана қоймай, жылы лебізін естіп, батасын алып, қолынан сыйлыққа домбыра алған адаммын. Менің өмірімдегі өнерге қатысты әр оқиға, жолыққан әр адам маған өзі өнерімнің, арымның алдында адал болу жауапкершілігін жүктеді.

– Өнерге келу жолдарыңыз салыстырмалы түрде ашық, даңғыл болған сияқты, өмірге қалай келдіңіз? Ата-анаңыз туралы біле отырайық.

– 1941 жылы біздің мына Шәуілдірдің Көксарай деген жерінен Мырзашөлді игеру үшін көшірген екен. Мен өзі сол Киров ауданына барған соң дүниеге келгенмін. Шешем сол жылы тары түйіп жатқан уақытта дүниеге келгенсің деп отыратын.

әкесі – атам ақын болған екен. Сал жасап, Сырдарияның арғы бетіндегі елге барып айтысып жүреді. Ол кезде айтыс көп болады екен. Әкем де өлең айтқан, айтысқан. Әкемнің інісі Досыбай көмекейі түскен ақын болған. Өзі трактор айдаған, кешке үйге келгенде ауыл жиналып, таң атқанша өлең айтқызады екен. 1941 жылы соғысқа аттанады сол ағамыз, жол-жөнекей ән салып барады. Пойыз тоқтағанда түсіп ән айтқанда, жұрттың бәрі жиналып тыңдап, көңілдері босап жылап шығарып салады екен. Соғыс уақыты, қамкөңіл адамдар ғой. Даусы 8 шақырымға жететін дейді көргендер. Соғыстан ауылға хат жазып тұрады. Бірақ сақталмаған. Әкем бір ғана хатын әнге қосып айтқан екен. Сол ғана сақталды. Кейін Ағамның хаты, Әскерден хат деп өзім де айтып жүрдім. Ілгеріректе оны танытын адамның бәрі естігенде жылайтын.

– Термені қай кезден бастап айттыңыз?

– Бұрын ән айтатынбыз. Кейін терме шықты, терме жаттадық. Ол кезде тойға қағаз шақыру хат беретін. Мен өзі қағазды тастамайтын адаммын. Кейін бір қарасам үйде 2 мыңдай шақыру хат жиналып қапты. Тойға енді бізді ән айтсын, терме айтсын деп шақырады ғой. Ол кезде билейтін әндер жоқ еді. Тойға барғанда қадірлі бір екі кісіге сөз беріп өлеңге кезек береді. Тағы екі адамнан кейін тағы өлең. Өлең болғанда насихат, терме. Қазір насихаттың қадірі қалмады. Осы облыстық телеарнада «Ғибратнама» деген бағдарлама болды. Осының бәрін тыңдайтын құлақ болушы еді. Ғибратнама – ол жатқан насихат, тәрбие, небір шежіре адамдардың сөзі. Қазір бәрі өзгерді ғой, сол хабардың не үшін керек болмай қалғанын түсінбеймін. Тәрбие неге керек болмай қалды, насихат сөз неге керек болмай қалды? Түсінбеймін. Кейін Бөрібай ақын екеуміз барып телеарнаның басшысына «мынау халыққа керек дүние еді, неге жаптыңыздар» деп айттық. Болмады. Өкінішті. Уалихан Қожак деген журналист бар еді. Сол терме, насихат сөздердің насихатшысы еді. Қазір терме, насихат сөздің насихатшысы жоқ.

– Кімнің термесін көп айттыңыз?

– Майлықожаның. Ақындар көп қой, насихат айтқан.

– Танымал бола тұра, мықты тұлғалармен аралас-құралас жүрсеңіз де мансап қумаған екенсіңіз...

– Өнер кудым. Мен үшін ата-анамның жағдайы бәрінен қымбат болды. Оларды қарттық мендеген соң, ауданның орталы-

ғын да тастап, әке-шешемнің жанына «Большевик» совхозына барып тұрдым. Мәдениет бөлімінде істедім. Кейін аудандық мәдениет бөліміне жұмысқа кіріп, сол жерден зейнетке шықтым.

– **Отбасы құндылықтарына адал болыпсыз. Оған мысал, ұл-қызыңыз төрінен түсірмей, алақандарына салып аялап отыр екен. Әзілдеріңіз де жарасады. Осындай орта қалыптастыру не істеу керек?**

– Бір отанда тұрған адамдар бірінші бір-бірін құрметтеу керек. Сыйластық та осы отбасыдан басталады. Артық сөз айту деген көп нәрсені бүлдіреді. Адам болған соң реніш болады әрине, бірақ соның тігісін сөйлесу, түсінісу арқылы жатқызса жөн болады. Менің жарым өте мәдениетті, салиқалы қыз еді, кейін сондай келіншек, әже болды. Мен сырттың адамымын. Бірақ ешуақытта артық әңгіме айтқан емес. Концертте жүреміз, айлап кетіп қаламыз, сонда да маған пәлен деген емес. Жылықабақпен қарсы алып, бала-шағаның, менің жағдайымды жасап отыратын. Сыртта жүрген соң балаға көп қарай алмадым, тәрбиенің бәрін берген Тұрған деген аналары. Ұл-қыздарым мәдениетті, өрескел мінезін көрсеткен емес, бұзық сөз айтпайды, орталарына сыйлы, кәсіптеріне адал. Бибіхан, Нұрхан пединститутты бітірді, одан кейінгі Күлімхан ЖенПИ-дің түлегі, сондағы Ұлар ансамблінің мүшесі болып, Түркия, Монғолия, Ресейде әнімен аралап қайтқан. Уралхан деген қызым қой десем, қоймай, ол да әнші болды. Шымкенттегі опера балет театрының әншісі. Нұрмахан, Мұхтар, Нұрғали, Ерғали, Рысқали атты ұлдарым бар. Олар да өмірде орнын тапқан.

– **Құрмет, сыйластық туралы айтып жатырсыз, адам құрметті, сыйлы болу үшін не істеу керек?**

– Біреуге құрметті болу үшін, өзінді сыйлауың керек. Өзінді сыйласаң, жұртқа да соны үйретесің, көрсетесің, өзіне соны талап етесің, содан кейін қадірлі боласың. Ғайбат айтпай, насихат, тәрбиелі сөз айтсаң құрметті боласың.

– **Сексен жасты орталап отыр екенсіз, өмірдің мәні не екен?**

– Балаға жақсы тәрбие берсең, айналаңна насихат айта алсаң, насихат айтуға лайық болсаң, өсірген ұл-қызың өзінді құрметтеп тұрса, немерелерің, келінің «ата» деп тұрса, бұл өмірде одан артық мән де, мағына да жоқ шығар.

– **Терме айту өміріңізге қалай әсер етті?**

– Мынаған қараңыз, өзің терме мен насихат айтып, өзін жаман болсаң, сонда не болды? Адам сөзі мен жүріс-тұрыс, әрекеті сай келу керек. Біздің өміріміз жақсы сөз терумен өтті. Оқимыз, осыны халық білсе ғой, осылай жүрге ғой дегендерін әуенге саламыз. Әр сөздің әуені болады. Термені бір сарынмен айтсаң тыңдаушының жалықтырасың. Біздің мақсатымыз, жақсы сөзді, насихатты халыққа жеткізу ғой.

– **Шәкірт тәрбиелеуге мүмкіндігіңіз болды ма?**

– Шәкірттер бар. Мен 1958 жылдан бастап терме айттым. Жанымда жастар көп жүрді. Үйренді. Бірақ сол үйренгендердің ішінде сыйлағаннан менсінбей кеткендер көп.

– **Облыста, қалада термешілер байқауы жылда өтеді. Көрінбейсіз?**

– Ойларынан шығып кеткен болуымыз керек, ендігі. Біз ұмытпаймыз, жастар ұмытып кетеді ғой.

– **Терме тыңдайтындар азайып кетті деп жатады...**

– Азайса да бар. Термені сана-сезімі биік, оң-солын ажырата алатын, ақыл-ойы кең адамдар рахаттанып тыңдап, рахметін айтып жатады. Біреулер терме айтып жатсаң, өзінше күбірлеп сөйлеп жатады, оның өзінің әлемі бар. Жақсы сөз тыңдағысы келетін адамдар барлық уақытта табылады.

– **Өнегелі әңгімеңізге рақмет. Аман болыңыз.**

Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Тәрбие

Ел тыныштығы мен шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында жанын шүберекке түйіп, жат жерде қызмет атқарған Тәжік–Ауған шекарасының ардагерлері – тәуелсіз Қазақстан тарихындағы айрықша аға буындардың бірі. Олардың ерлігі мен әскери борышқа адалдығы бүгінгі бейбіт өмірдің берік іргетасына айналды. Сонау сындарлы кезеңде ел намысын қорғаған жауынгерлердің рухы бүгінгі жас ұрпаққа үлгі болып, отансүйгіштік пен қайсарлықтың айқын көрінісі саналады.



ЖАСТАРҒА ЕРЛІКТІҢ ӨНЕГЕСІН ТАНЫТТЫ

Ардагерлердің өшпес өнегесін жас буынның санасына сіңіру, спорт арқылы жігерлі де намысты ұрпақ тәрбиелеу мақсатында 2026 жылғы 8 ақпанда Ленгір қаласында қазақ күресінен 2012-2013 жылы туылған жасөспірім ұлдар арасында Түркістан облысының ашық біріншілігі аясындағы турнир салтанатты түрде ашылды. Аталмыш шара Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының қолдауы, Төлеби ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Тәжік–Ауған шекарасынан Қазақстан бітімгерлік әскерінің шығарылғанына 25 жыл толуы қарсаңында өткізілді.

Осы орайда, Төлеби аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Әуесбек



қазақ күресінің дәстүрлі әдістерін жақсы меңгергендерін көрсетті. Олар қарсыластарының айласын дер кезінде тойтарып, күш-қайраты мен ептілігін дәлелдеді. Алаңдағы шапшаңдықтары мен батылдығы қазақ күресіне қосып жатқан үлестерін аңғартты. Жасөспірімдерге жол көрсетіп, дайындықтарын қадағалаған бапкерлер олардың күрес әдістері мен ойлау қабілетіне бағыт-бағдар беріп, әрбір жекпе-жекте өзін көрсетуіне мүмкіндік жасады. Ал төрешілер әділ қазылық жасап, жарыстың тәртібін сақтауға жауапкершілікпен қарап, жас балуандардың спорттағы шынайы бәсекеге қабілеттілігін анықтады. Осылайша, балуандардың шеберлігі, бапкерлердің еңбегі және төрешілердің әділдігі көрмендерге қазақ күресінің болашағы жарқын екенін көрсетті.

Ұлттық спортты дәріптеп, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеуді көздейтін сайыс нәтижесіне сәйкес, командалық есепте Төлеби спорт клубына қарасты «Жақсылық» спорт кешенінің жасөспірімдері жеңімпаз атанды.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері, әр салмақ бойынша I, II, III орын алған спортшылар тиісті дәрежедегі дипломмен және арнайы дайындалған медальмен, арнайы дайындалған командалық белбеумен, бағалы сыйлықтармен, басқа мемлекеттердің аумағындағы ардагерлері мен мүгедектерінің Төлеби аудандық аумағы» есебінен марапатталды. Сондай-ақ, кәсіпкерлер тарапынан Тәжік–Ауған соғысы ардагерлеріне арналған 25 жылдық төсбелгілер табысталды.

Сайыс соңында Тәжік–Ауған соғысы ардагерлері аталмыш іс-шараның өтуіне қолдау танытқан Төлеби аудандық мәслихатының төрағасы Нұрлан Қойбағаровқа, ішкі саясат бөлімінің басшысы Қанат Қалибековке, спорт, дене шынықтыру және мәдениет бөлімінің басшысы Әуесбек Әсілбековке риясыз алғыстарын айтты.

Жалпы бүгінде Төлеби ауданында Тәжік–Ауған соғысының 51 ардагері бар. Олар тек тарих күегері ғана емес, жас ұрпаққа өмірлік сабақ беретін үлгі ретінде белсенділік танытып келеді. Облыстық, аудандық спорттық және мәдени шараларға белсене атсалысатын ардагерлердің ерлігі мен табандылығы жастардың бойына елжандылық сезім мен қайсарлықты сіңіреді.

Ардагерлерге құрмет көрсету – елге деген құрметтің айқын көрінісі. Ал олардың ерлігі мен өнегесін келешек ұрпаққа жеткізу – баршамызға ортақ міндет. Осындай тағылымды шаралар арқылы өскелең ұрпаққа отансүйгіштік рух қалыптастырып, ел тарихына деген құрметі арта түсері анық.

Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Жақсыбекұлы бүгінгі турнирдің жастар тәрбиесіндегі маңыздылығына тоқталып өтті:

– «Биыл дәстүрлі шара ауданымызда облыстық деңгейде осымен үшінші рет өткізіліп отыр. Жастарға қашанда қолдау көрсету – біздің басты борышымыз болғандықтан, аталмыш шараға бірлесіп атсалысудамыз. Бұл жарыс Қазақстан Республикасы Президентінің салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту жөніндегі жолдауын іске асыруға, жасөспірімдер арасында патриоттық тәрбиені күшейтуге, қазақ күресінің қолданысын кеңейтуге, спорт шеберлігін жетілдіруге, сондай-ақ ауыл жастарын зиянды әдеттерден сақтап, спортқа баулуға бағытталды. Бұқаралық дәстүрлі додаға облысқа қарасты аудандардан жалпы 170-тен аса жасөспірім спортшылар қатысып отыр. Ауданымыздың спортты жаңына серік еткен жастары болашақта талай бәсі биік бәсекелерде егемен еліміздің көк байрағын биікте желбірететініне бек сенемін. Алдағы уақытта аудандық қазынадан арнайы қаражат қарастырып, бұл шараны бұдан да ауқымды өткізу жоспарымызда бар», – деді.

Ігі шара марқұм болған сарбаздардың рухына Құран бағыштап, ас берумен бас-

талды. Жиынға аудандық мәслихат төрағасы Нұрлан Қойбағаров, Төлеби ауданы басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс-қимылдары ардагерлері және мүгедектер қоғамдық бірлестігі төрағасы Кемелхан Оразалиев, Түркістан облыстық ардагерлер одағының төрағасы Нұрлан Тастемірұлы, Төлеби аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығының орынбасары, майор Зауырбеков Мираз Құрасбекұлы қатысты.

Қатысушылар қаһарман сарбаздардың ел мен Отан алдындағы ерлігін еске алып, олардың үлгі-өнегесін жас ұрпаққа жеткізудің маңыздылығын айрықша атап айтты. Ардагерлердің батылдығы мен қажыр-қайраты бүгінгі жас буын үшін патриотизм, төзімділік пен адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірудің өмірлік сабақтары болып саналады. Сонымен қатар, олардың тәжірибесі мен ерен еңбегі жастарды спортқа, білімге және елге қызмет етуге ұмтылдырады. Жиын барысында сөз сөйлеген қатысушылар жас ұрпаққа өз Отанын сүю, тарихын қадірлеу және ардагерлердің ерлігін дәріптеу жолында үлгі алудың маңыздылығын ерекше жеткізді.

Жарыс барысында Келес, Сарығаш, Қазығұрт, Түлкібас, Төлеби аудандары мен Арыс қаласының жас балуандары

ҚАЗАҚ ҚЫСТА ҚАНДАЙ ОЙЫН ОЙНАҒАН?

Қазақ халқының көшпенді өмір салты мен табиғатпен үйлесімді тіршілігі халықтың ойын-сауық мәдениетінде айқын көрініс тапқан. Әсіресе қыс мезгілінде, мал жайылымы мен егіннің алқаптарындағы тыныштық кезінде түрлі ойындар арқылы демалып, бір-бірімен байланыс орнатқан. Алайда көптеген дәстүрлі қысқы ойындар қазіргі таңда ұмытылып бара жатыр, ал олардың тарихи, әлеуметтік және мәдени мәні аса маңызды.



Қазақ даласында қыс қатаң ауа райымен, қар мен боранмен ерекшеленетін уақыт. Мұндай кезде мал жайылымдағы жұмыстары азайып, қауым мүшелері демалысқа, ойынға көп көңіл бөлген. Қысқы ойындар тек көңіл көтеру құралы ғана емес, сонымен бірге физикалық шынықтыру, ептілік, жылдамдық пен икемділікті дамытуға бағытталған. Қазақтардың қысқы ойындары көбінесе қар мен мұзға бейімделген. Олар атқа міну, шаңғы тебу, сырғанаумен қатар, дене күшін, төзімділігін сынайтын ойындардан тұрады. Ойындарда ержүректілік, батырлық қасиеттерді тәрбиелеу маңызды орын алған. Қысқы ойындардың көптеген түрлері бар:

Сырғанақ – қарға арналған ойын. Балалар мен жасөспірімдер арнайы сырғанақтарға отырып, таудың үстінен немесе көл-қырдан сырғанап, жарыс өткізген. Бұл ойын тек көңіл көтеру емес, сонымен бірге дене тепе – теңдігін дамытуға және мұз үстінде жылдам қозғалу қабілетін жетілдіруге арналған.

Қармен күрес – топтық ойын түрі. Екі топқа бөлінген балалар қардан қорғаныс қашықтықтарын салып, бір-біріне қар лақтырған. Бұл ойын тек көңіл көтеру емес, стратегия құру, топтық әрекет және ептілікке баулиды.

Қысқы ат жарыстары мен шаңғы тебу дәстүрі қазақ даласының әр өңірінде таралған. Аспен жарысу – жылдамдық, бағылдық және ат үстінде тепе – теңдікті сақтауды талап етеді. Шаңғы тебу жарыстары ұзын қашықтыққа өткізілген, кейде оларды аң аулау немесе мал айдау дағдыларымен байланыстырып, тәжірибелік мәнге ие болған.

Қардан әр түрлі бейнелер жасау – шығармашылыққа негізделген ойын. Балалар мен жасөспірімдер қардан үй, жануарлар, кейіпкерлер жасап, жарыс өткізген. Бұл ойын тек көңіл көтерумен шектелмей, балалардың қиялын дамытуға, топтық жұмысқа үйреткен.

Көкпардың қысқы нұсқалары – жазда өткізілетін ұлттық ойын, бірақ қыста мұз үстінде немесе қарлы алаңда өткізілген нұсқалары да белгілі. Бұл ойында күш, ептілік және топтық

стратегия маңызды, және ол көбінесе жас батырларды шынықтыруға бағытталған.

Қысқы ойындарының әлеуметтік және мәдени ролі белгілі болғандай бірнеше функцияны атқарған. Қысқы ойындар қауым мүшелерін біріктіріп, ынтымақтастықты нығайтады яғни қауымдық байланыс орнатады. Физикалық күш, төзімділік, ептілік пен икемділікті дамытуға сеп болып дене тәрбиесінде маңызды. Қазіргі таңда қысқы ойындардың көп бөлігі ұмытылып бара жатыр. Қала өмірі, ойын – сауықтың жаңа түрлерінің пайда болуы, қысқы табиғатқа қол жеткізудің қиындауы бұл дәстүрді сақтауда қиындық тудырады. Дегенмен кейбір аймақтарда мектептер мен мәдени орталықтар арқылы қысқы ұлттық ойындарды қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Бұл жастарды дәстүрлі мәдениетпен таныстырып, ұлттық ерекшеліктерді сақтауға мүмкіндік береді. Қазақ халқының ұмыт болған қысқы ойындары тек ойын-сауық құралы емес, сонымен бірге тарихи-мәдени мұра болып табылады. Олардың зерттелуі халықтың өмір салты, әлеуметтік байланыстары және ұлттық мәдениетінің терең қырларын түсінуге көмектеседі. Қысқы ойындарды жаңғырту арқылы біз ұлттық дәстүрлерімізді сақтап қана қоймай, балалардың физикалық, рухани және шығармашылық дамуына жағдай жасай аламыз. Әсіресе қазіргі интернет және цифрлық технологиялар дәуірінде балалар мен жасөспірімдер көбінесе телефон, компьютер және теледидар арқылы бос уақыттарын өткізеді. Бұл олардың физикалық белсенділігін азайтып, дәстүрлі ойындардан алыстатады. Сол себепті қысқы ұлттық ойындардың маңызы бұрынғыдан да артып отыр. Осылайша, қысқы ойындар қазіргі интернет заманында тек көңіл көтеру ғана емес, балалардың физикалық, әлеуметтік, шығармашылық және мәдени дамуына толыққанды әсер ететін құралға айналады.

Айжан ИБРАГИМОВА,
музей қызметкері,
Түркістан қаласы

РУХАНИЯТ



АЛАШТАН ҚАЛҒАН ҮШ САБАҚ

Алаш – жай ғана тарихи атау емес. Ол – қазақтың еркіндікке ұмтылған рухы, ұлт болып қалуға жасаған ең үлкен талпынысы. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің түп-тамыры сол Алаш идеясында жатыр. XX ғасырдың басында қазақ халқы қиын кезеңді бастан өткерді. Жерінен айырылып, тілі мен дәстүріне қауіп төнді. Сол сәтте оқыған, көзі ашық азаматтар бірігіп, ұлтты сақтап қалудың жолын іздеді. Олар өздерін «Алаш» деп атады.

Алаш дегенде біз тек саясатты емес, үш үлкен ұғымды түсінеміз:

1. Еркіндік – ешкімге бодан болмау
2. Білім – надандықтан арылу
3. Бірлік – қазақтың бөлінбей, бірге болуы

Алаш зиялылары қарудан бұрын ойға, күштен бұрын санаға сенді. Олар халықты оятуды, оқытуды, біріктіруді таңдады.

Алаштың жүрегінде тұрған тұлғалар:

Әлихан Бөкейхан – ұлт көшбасшысы, мемлекетшіл тұлға

Ахмет Байтұрсынұлы – тілдің тірегін жасаған ағартушы

Міржақып Дулатұлы – халықты оятқан публицист

Мұстафа Шоқай – түркі жұртының еркіндігін жақтаған қайраткер. Олар әртүрлі салада еңбек етті, бірақ мақсаты бір болды – қазақты сақтау.

1917 жылы құрылған Алашорда – қазақтың алғашқы ұлттық басқару жобасы. Бұл – «біз де мемлекет бола аламыз» деген батыл қадам еді. Олар мектеп ашты, заң жүйесін ойлады, ұлттық мүддені қорғады. Кейін кеңестік жүйе бұл қозғалысты тоқтатты, көп зиялы жазықсыз жазаланды. Бірақ олардың идеясы өлмеді.

Бүгін Алаш бізге үш сабақ қалдырды:

1. Тіліңді құрметте
2. Біліміңді шыңда
3. Еліңе адал бол

Алаш – тек өткеннің мұрасы емес, бүгінгі жауапкершілік. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан – Алаштың арманының жалғасы. Олар еркін елді қиялдады, біз сол елде өмір сүріп жатырмыз. Енді сол елді көркейтуді – біздің міндетіміз

РАСАНОВА,

Н.Төрөқұлов музейінің менгерушісі

Мен оқыған кітап

«ҚЫЗ АРМАНЫ» – АРМАН МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ТОҒЫСЫ

Жанар Әбдішова – қазіргі қазақ әдебиетінде нәзік жанның ішкі әлемін, әйел болмысының рухани терендігін көркем тілмен өрнектей білген қаламгерлердің бірі. Оның «Қыз арманы» атты әңгімелер жинағы – бүгінгі қоғамдағы адам тағдыры, махаббат пен арман, рухани жалғыздық пен үміт туралы шынайы ой толғау деп нық сеніммен айтуымызға болады. Бұл жинақта автор адам өмірінің түрлі қырларын, заман мен сана арасындағы байланыстарды нәзік психологиялық иірімдер арқылы бейнелеп, оқырманды терең ойға жетелейді.

Әңгімелер – өмір айнасы деп айтуымызға да болады. Жинақтағы мазмұнға көз жүгіртсек: «Арманда кеткен аруым», «Көкжиек», «Мутация», «Зауал», «Менің солдатым», «Құрақ көрпе», «Жаксы сөз», «Ерлік», «Бөтендік синдромы», және де әрине жинақта ат берген «Қыз арманы» сынды әңгімелер өмірдің әр қырын ашып көрсете алады.

Жазушы шығармаларының басты өзегі – адамның рухани әлемі. Ол өз кейіпкерлерін қарапайым өмірдің ортасынан алады: бірінші жүрегі жаралы, бірі қоғамнан өз орнын таба алмай әуре, енді бірі өмір мәнін іздейді. Бірақ барлығының да жан түкпірінде үміт пен арман сәулесі қатар жүреді.

Жанар Әбдішова әйел образын тек нәзіктік символы ретінде ғана емес, рухани тірек, адамзаттың моральдық айнасы ретінде көрсетеді. Оның кейіпкерлері жылап отырып күледі, үмітін үзбей күреседі, кешіре отырып сүйеді.

«Қыз арманы» – рух пен үміттің символы іспетті. Жинақтың атауындағы «Қыз арманы» әңгімесі – бүкіл туындылар топтамасының

идеялық өзегі, жинақтың жүрегі. Бұл шығармада автор қыз баланың ішкі жан дүниесін, өмір мен арман арасындағы нәзік шекараны шебер бейнелейді.

Басты кейіпкер – өмірге сенімі бар, арманына адал қазақ қызы. Оның арманы – сүйіспеншілік, отбасылық бақыт, рухани тазалық. Бірақ өмірдің қатал шындығы, адамдардың салқындығы мен қоғамның қатып қалған қағидалары сол арманды сын тезіне салып әрі қарай өрбітеді.

Әңгіме желісі бір қарағанда қарапайым көрінеді, алайда ішкі философиялық салмағы терең. Кейіпкердің ішкі монологтары арқылы жазушы рухани жалғыздық, үміт пен сенімнің күресін, махаббат пен адалдықтың нәзік шекарасын көрсете алды.

Заманауи әйел прозасының жаңа үні «Қыз арманы» жинағы – бүгінгі қазақ әдебиетінде әйел прозасының жаңа тынысын ашқан шығармалардың бірі. Бұл тек әйел тағдыры жайлы емес, жалпы адамдық құндылықтар туралы кітап. Ондағы кейіпкерлер – қоғамның айнасы деп айтсақ қате болмас әрине.

Бұл шығармалар бізге бір нәрсені ұғындырады: Арман – қыздың ғана емес, адамның өмірін жарық ететін мәңгілік сәуле, тұнғыш сезім сәзіндіреді.

Сондықтан «Қыз арманы» – заманауи қазақ прозасының нәзік үнді, терең ойлы, көркемдік тұрғыдан биік туындысы ретінде әдебиетімізде өз орнын табары анық... Оқыңыз!

Еркебұлан ДАЙРАБАЙ,
Түркістан облысы, Созақ аудандық
орталық кітапханасының библиографы

Халқымыздың тұрмыс ерекшелігін көрсетер құнды жәдігерлерінің бірі – тоқыма бұйымдары. Қазақстанда жүннен түрлі бұйым жасау ерте заманнан белгілі болса, олардың жасалу ерекшеліктері әр аймақта өзінше қалыптасқан. Мысалы, Түркістан өңірінде түкті және тықыр кілем үлгілері кең таралған. Қабырғаға ілсең сән беретін, еденге жайсаң төсеніш болатын бұйымның «Ұлы Дала Елі Орталығы» қорында XIX–XX ғасырдағы түрлерімен қатар алаша, түскиіз, сырмақ сынды тоқыма бұйымдары сақталған.



КИІЗДІҢ КИЕЛІ ӘЛЕМІ

Колонер бұйымдар жасалу шеберлігімен ғана емес, тарихтан осы күнге дейін сақталу сапасымен де қызық. Кілемдер этнография тобының материалына қарай жіктелуі бойынша кестелі-тоқымалы бұйымдар қатарына жағады. Олардың жалпы саны 50-ден асады. (кілемдер, бау-басқұрлар, түскиіздер, сырмақтар, аяққаптар, қоржындар, алашалар, кестелі бұйымдар). Соның ішінде тек кілемдер саны 15 дана. «Ұлы Дала Елі Орталығы» қорындағы кілемдеріндегі көнелерінің бірі XIX–XX ғғ. жасалған. Музей қорына кіретін заттар да физикалық-механикалық және химиялық өзгерістерге, ауа мен жарықтың оларға әсер етуінің нәтижесінде былайша айтқанда табиғи ескіруге бейім болады. Бұл қолайсыз факторлардың затқа әсерін әлсірету үшін, қор бөлмелерінде белгілі бір сақтау режимі жасалады. Сақтау режимі температуралық-ылғалдылық режимінен, ауаны ластанудан сақтау, биологиялық, механикалық бұзылудан сақтау шараларынан тұрады. Музей қорындағы кілемдер 3 ай сайын залалсалзыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

Қазақ кілемдері: түкті, тықыр, терме кілем, барак кілемдері болып бөлінеді, салынған ою-өрнектеріне қарай «пешенгүл кілем», «шатыргүл кілем», «караман түр», «талас кілемі» деген де кілемдер кездеседі.

Қазақстанның оңтүстік облыстары мен Аркада түкті, тықыр, араб кілемдерін тоқу, Семей өңірінде кілемді кестелеу жақсы дамыған. Түксіз қазақ кілемдерін тоқудың бірнеше тәсілі қолданылады. Оның кең тараған түрі – басты өрнектерінің «араби» болып жасалына-тыны. Мұндай кілемді тоқуда жінішке және жалпақ өрнекті белдеулерді шебер алмасты-

рып отырып, арабы кілемнің әсем суретін құрайды. Қазақтар шаршы кілемді орта тұсын шаршылармен немесе ромб әшекейлермен безендіріп тоқиды, тақта кілемді орта бөлігіне ұдайы алмастырылып тұратын түсті белдеулерді орналастырып, ал олардың ортасына алуан түсті жіптерді қайта әдіптеу арқылы сатылы өрнектер салып жасайды. Түксіз кілем оюларына қошқар мүйіз, құс тұмсық, ботақөз, тұмар, тарақ, тағы да басқа ою нұсқалары салынады. Кілем өрнегінде әсіресе, қызыл төсекке қара, көк, сары, ақ түсті өрнектер көбірек жүргізіледі.

КИІЗ ҚАЛАЙ ПАЙДА БОЛДЫ?

Киіз бұйымдардың текемет, киім, ат әбзелдері түріндегі ең ежелгі нұсқалары б.з.д. 9–3-ғасырлардағы Пазырық мәдениетінен қалған обалардан табылған. Шығыс скифтердің киіз басу өнері әбден кемеліне келгені сондай, ежелгі заманғы аталастарымыз оны біздің дәуірге дейінгі кезеңнен әжептәуір ертерек меңгергені анық.

Қазақ, қырғыз, өзге де туыс халықтардың киіз басу өнері – кемі үш мың жылдық тарихы бар сол дәстүрдің жалғасы. Дегенмен қазақтардың киізді нақты қай кезде пайдалана бастағаны әлі белгісіз.

ЖЕЛДІҢ СЫБЫРЫ МЕН «КЕМПІРДІҢ ЖАҒЫН БАЙЛАУ»

Дәстүрлі қоғамда кез келген істің, әсіресе киіз басу сияқты маңызды шаруаның өзіндік мифологиясы – нанымдар мен ырымдар жүйесі болуға тиіс екені анық. Зерттеушілер бұрыннан-ақ бұл тақырыпқа қызығады, алайда ғылыми әдебиетте оны жан-жақты ашып жаз-

ған еңбек кемде-кем. Киіз басу технологиясы, оның түрлері, қолданылуы, оған тән өрнектер туралы ғылыми да, көпшілікке арналған да материалдарды табу оңай, бірақ бұл істі ел қалай түйсінгені жөнінде ештеңе жоқ. Этнографиялық әдебиетте киіз басуға қатысты «кемпірдің жағын байлау» деген бір-ақ тұрып сипатталады.

Ғұрыптың мәні мынада. Қой қыркы, жүн сабау, киіз басу кезінде жел соғып кетпегені маңызды. Іске кірісер алдында, сол шаруаға араласатын әйелдерге:

«Сөйлемдер, сөйлесендер, жел соғып, жүн ұшады» деп ескерту айтылады.

Жалпы кез-келген сакралды процесс кезінде, айталық үй тігіп, шаңырақ көтергенде не ұста темір соққанда да ұн шығармаған ләзім делінеді.

Ал алда-жалда жел соғып кетсе, жастау келген бір балаға ерекше рәсім жасатады екен. Ол екі уыс шиді жүнмен таңып,

«Кемпірдің жағын байладым!» деп айғайлайды.

Яғни ата-бабамыз желді жаны бар тіршілік иесі ретінде қабылдаған. Оның жағын байлап тастаса, үрлей алмай қалады, сәйкесінше, жел де соқпайды-мыс.

Табиғат күштерін басқара алатын кемпір бейнесі біздің мифологияда аз болған жоқ. Бәлкім, бұл кемпір Көклен ана болуы да мүмкін.

Ислам мифологиясында желдің пірі Мірқайдар әулие саналатын. Маңғыстау облысы, Шетпе ауылындағы атақты киізші Күміс Әбдіқызы Қосбайдың Серікбол Қондыбайдың мифология музейінде жүрген визуал антропология экспедициясы барысында айтқанына

сүйенсек, желдің бетін қайтару керек болғанда, киіз басып жатқан әйелдер:

«Желдің пірі Мірқайдар, өзің сақтамай гөр» деп пірге қарата сөйлеген және орамалдың бұрышына жеті тиын не жетпіс теңге секілді жеті санына еселенетін соманы түйіп, үй сыртындағы бағанға байлап қою керек екен. Жел желпілдеткен «ақшалы» орамал пірге арналған тарту есепті болса керек.

КИІЗ БАСУҒА ҚАТЫСТЫ БЫРЫМ-ЖОРАЛҒЫЛАР

Киіз дайын болып қалған кезде оны соңғы рет өңдеуге және шет-шетінің дұрыс басылғанына қатты мән берілген. Осы ретте бұл материалдың киелі екенін айқын ашып көрсететін бірқатар наным-сенім бар екенін айта кету керек. Киізді шиге орағанда, екі шеті тегіс болуға тиіс. Бір шеті шошайып шығып қалса, ондайды «суқеле шығып кетті» деп, көп ұзамай сол үйдің бір қызы ұзатылады баалайды.

Киіздің шеті біркелкі, тегіс болуы қажет, алайда киізді қыркыға болмайды. Ұстара не қайшы жүзі бір тигеннен киіз түгелімен босап, ыдырап кетеді. Бұл ырым да киіздің жаны бар деген түсінікке ұласады.

Киіздің шетін тегістеу үшін ши ораудың екі қапталына екі тас не кірпіш, кеспелтек ағаш қойып, ыстық су құйып, икемге келетіндей жұмсақ боп тұрған күйі тез-тез «бар да қайт» жасайды. Бұл қимыл білектенге ұқсағанымен, білекке емес, алақанның қырына салып жасалады. Сонда киіз қапталына қойылған тас не ағашқа үйкеліп, теп-тегіс болып шығады.

А.МИРЗАБЕКОВА,
ғылыми қызметкер

ҰЛЫ ДАЛА МҰРАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ: ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР, ВИРТУАЛДЫ МУЗЕЙЛЕР

Ұлы Дала – Қазақстанның ғана емес, бүкіл ортаазиялық аймақтың тарихы мен мәдениетінің қайнар көзі. Бұл кең байтақ жер ежелгі тайпалар мен өркениеттердің өткенімен ерекшеленеді. Дегенмен, ғасырлар бойына соққан табиғи және антропогендік әсерлер, ұрпақтан ұрпаққа берілмеген ақпараттар мұралардың жоғалу қаупін туғызды. Сондықтан, бүгінгі таңда мұраларды зерттеу мен насихаттауда жаңа технологиялар мен инновациялық тәсілдердің рөлі артып отыр. Осы мақалада біз заманауи цифрлық технологиялар, виртуалды музейлер мен басқа да әдістер арқылы Ұлы Дала мәдени мұраларын қалай тиімді сақтап, әлемге танытуға болатынын кең көлемде талқылаймыз. Ұлы Дала аймағы өте кең, кейбір археологиялық объектілер шалғайда орналасқан.

Дәстүрлі қазба жұмыстары көп уақыт пен ресурсты қажет етеді. Бұл жерде:

- **LIDAR (Light Detection and Ranging)** және **георадарлар** қолдану арқылы жер астындағы құрылыстарды, көне бекіністер мен құрылыстарды дәлірек анықтауға болады.

- **Супер жоғары рұқсатты спутниктік суреттер** ежелгі қоныстар мен транспорт дәліздерін кең көлемде құруға зерттеушілерге мүмкіндік береді.

Бұл әдістер дәстүрлі археология-



дан гөрі жылдам әрі дәл нәтиже береді. Қазба кезінде табылған жәдігерлерді қорғау – үлкен міндет. Олар уақыт өте бұзылуы мүмкін.

Осыған байланысты:

- **3D-сканерлеу** объектінің сандық көшірмесін жасауға мүмкіндік береді;

- Осыдан **цифрлік репликациялар**, виртуалды үлгілер мен мульти-медиа материалдар жасалады;

- Бұл модельдер кейін **виртуалды музейлерге, ғылыми зерттеулерге және білім беру платформаларын** енгізді.

Мұның арқасында бір жәдігердің жүздеген виртуалды көшірмесі жасалып, бүкіл әлемге таныстырылуы мүмкін. Археологиялық зерттеулер үлкен көлемді ақпаратты

жинақтайды: фото, координаттар, сипаттамалар, химиялық анализдер, т.б. Мұндай деректерді:

- **Big Data платформарында сақтау**

- **Жасанды интеллект (AI) көмегімен талдау жасау** қазақтың тілдік модельдері мен тарихи контексті анықтауға, жаңа байланыстар ашуға мүмкіндік берді.

Мысалы, AI көмегімен ежелгі жазуларды, символдарды автоматты түрде оқу, аудару және салыстыру мүмкіндігі бар.

ВИРТУАЛДЫ МУЗЕЙ ДЕГЕН НЕ?

Виртуалды музей – интернетте орналасқан, цифрлық көшірмелер мен мультимедиалық материалдар

арқылы көрмелерді көрсететін платформа. Бұл нақты музей сияқты, бірақ:

- ешқандай физикалық кеңістікті қажет етпейді;
- кез келген адамға әлемнің түкпір-түкпірінен қолжетімді;
- интерактивті құралдар арқылы көрермендермен тікелей байланыс ортана алады.

Ақпараттық қолжетімділігі:

Әлемдегі әр адам кез келген тарихи жәдігерлерді телефон немесе компьютер арқылы көре алады. **Қызметтің интерактивтілігі:**

- 360° көріністер,
- аудио, видео материалдар,
- виртуалды гидтер көрерменге шынайы әсер береді.

Мұғалімдер мен оқушыларға арналған арнайы интерактивті тапсырмалар, ойындар мен тесттер дайындалуы мүмкін. Әлемдік тәжірибе бірнеше ел өз мәдени мұраларын цифрлық форматқа өткізе білді. Қазақстан да осы бағытта белсенді қадамдар жасап келеді: **Ұлы Дала мәдениеті бойынша виртуалды көрмелер, қоныстар мен тарихи орындардың 3D турлары, анимацияланған тарихи реконструкциялар** құрылған. Бұл жобалар еліміздің мәдени мұрасын әлемдік аудиторияға танытуда маңызды рөл атқарады. Бүгінгі ақпарат кеңістігінің негізі әлеуметтік желілер мен интернет платформалар.

Мұраларға арналған: **инста-**

грам, тик-ток, ютуб бояулы тарихи видеолары, хэштег науқандары, онлайн викториналар мен челлендждер қоғам назарын дәстүрлі мәдениетке аударуда тиімді. Балалар мен жасөспірімдердің назарын тартуға арналған білім беру ойындары, VR-қосымшалар: тарихи оқиғаларды виртуалды түрде көру, шашбау мен петроглифтерді талдау ойын элементтері арқылы үйрену, тарихи кейіпкерлермен «диалог» жасау сияқты тәсілдер дәстүрлі білім беруден гөрі тартымды. Бұл оларды заңдық және музейлік тіркеуде қорғауға көмектеседі. Ұлы Дала мәдени мұраларын зерттеу мен насихаттауда **заманауи цифрлық технологиялар мен виртуалды музейлердің рөлі ешқашан бұндай маңызды болмаған**. Олар: тарихи ақпаратты сақтау мен ұрпаққа жеткізу, қоғамды тарихқа тарту және халықаралық аудиторияға таныстыру сонымен қатар білім беру мен ғылыми зерттеуді дамыту сияқты маңызды функцияларды орындайды.

Цифрлық технологиялар мұраны тек сақтап қана қоймай, оны **қауымдастық бөлісуге, ойын-саясы, интерактивті форматқа айналдыруға** мүмкіндік береді. Бұл – Ұлы Даланың тарихы мен мәдениетін ғаламдық деңгейде танытудың болашағы.

З.ТАДЖИБАЕВА,
А.МИРЗАБЕКОВА

ЗАҢСЫЗ АҢ-ҚҰС АУЛАУ – ТАБИҒАТҚА ТӨНГЕН ҮЛКЕН ҚАУІП

Заңсыз аң-құс аулау, яғни браконьерлік – табиғатты қорғау саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі. Бұл әрекет жабайы жануарлар мен құстардың санының азаюына, кейбір түрлердің мүлде жойылып кетуіне алып келуде. Табиғат байлығын заңсыз пайдалану экожүйенің тепе-теңдігін бұзып, адамзаттың болашағына қауіп төндіреді.



Аң-құстар табиғатта маңызды рөл атқарады. Олар азықтық тізбектің бір бөлігі болып, орман мен даладағы биологиялық тепе-теңдікті сақтайды. Заңсыз аулау салдарынан жыртқыш аңдар мен сирек кездесетін құстардың азаюы байқалады. Бұл өз кезегінде кеміргіштердің көбеюіне, өсімдік жамылғысының бүлінуіне және түрлі аурулардың таралуына себеп болуы мүмкін.

Заңсыз аңшылықтың негізгі себептері – пайда табу, жануарлар терісі мен мүйізіне сұраныстың болуы, сондай-ақ экологиялық мәдениеттің төмендігі. Кейбір адамдар табиғатты тек табыс көзі ретінде қарап, оның ертеңгі күнін ойламайды. Мұндай жауапсыз әрекеттер заңмен қатаң жазалануы тиіс.

Қазақстанда аң-құстарды қорғау мақсатында арнайы заңдар мен ережелер қабылданған. Қорықтар мен ұлттық парктарда аң аулауға тыйым салынады, ал сирек кездесетін жануарлар Қызыл кітапқа енгізілген. Заңсыз аңшылықпен күресу үшін айыппұлдар, қылмыстық жауапкершілік және бақылау шаралары қарастырылған. Дегенмен, бұл шаралармен қатар халықтың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыру аса маңызды.

Әрбір адам табиғатты қорғауға өз үлесін қоса алады. Заңсыз аңшылыққа бейжай қарамай, тиісті орындарға хабарлау, табиғатты аялау, жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру – браконьерлікпен күрестің тиімді жолдары. Табиғат – біздің ортақ байлығымыз, оны қорғау – баршамыздың міндетіміз.

Қорытындылай келе, заңсыз аң-құс аулау – тек табиғатқа ғана емес, қоғамға да зиян келтіретін қауіпті әрекет. Егер біз бүгін таби-

ғатты қорғамасақ, ертең оның зардабын өзіміз тартамыз. Сондықтан заңды сақтап, жануарлар мен құстарды қорғау – болашақ алдындағы жауапкершілігіміз.

Түркістан облысы аумағында ақбөкен, қарақұйрық, арқар, таутеке, қасқыр, түлкі сияқты жабайы аңдар тіршілік етеді. Ал құстардан бүркіт, дала қыраны, сұңқар, ителгі, үкі, қырғауыл, кекілік, аққу, қаз, үйрек кездеседі. Олардың кейбірі сирек кездесетін және жойылып кету қаупі бар түрлерге жатады.

Әсіресе ақбөкен, арқар, ителгі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Бұл жануарлар мен құстарды қорғау мақсатында Түркістан облысында Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы жұмыс істейді. Қорықта жануарлар әлемін сақтау, ғылыми зерттеу және экологиялық тәрбие беру жұмыстары жүргізіледі.

Алайда заңсыз аңшылық, табиғаттың лас тануы және мекен ету ортасының тарылуы аң-құстар санының азаюына әкелуде. Сондықтан табиғатты қорғау заңдарын сақтау, аң-құстарға зиян келтірмеу, экологиялық мәдениетті қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талабы.

Табиғатты аялау – болашақ ұрпаққа жасалған ең үлкен қамқорлық. Аң-құстарды қорғау арқылы біз туған өлкеміздің байлығын сақтап қаламыз.

Нұрбай Асанәлі Тынысбекұлы,
Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының,
«Мамандандырылған «Қорған» жедел қызметі» инспекторы.

Хабарландыру

Qazaq Meken Construction» ЖШС-сі «Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Ш.Қалдаяқов және А 427 көшелерінің киілісінде орналасқан «Жапсарластыра салынған орын-жайлары мен паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені» (жобалық атауы). Түзету» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. «Qazaq Meken Construction» ЖШС-ның мекен-жайы: Астана қ., Нұра ауд., Тұран даңғ., 46/1 ғимарат, тел: +7(701)5147797, +7(707)8210998, БСН 250240027405, e-mail: ekkvokzal@bk.ru. Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде 23 ақпан мен 27 ақпан (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады. Қосымша ақпаратты: +7(702)2309090 телефоны бойынша алуға болады.

Объявление

ТОО «Qazaq Meken Construction» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к Рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом», расположенный по адресу: город Астана, район "Сарайшық", район пересечения улиц Ш.Қалдаяқова и А 427 (проектное наименование). Корректировка». Адрес ТОО «Qazaq Meken Construction»: г. Астана, рн. Нұра, пр. Тұран, зд. 46/1, тел.: +7(701)5147797, +7(707)8210998, БИН 250240027405, e-mail: ekkvokzal@bk.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться, а также оставить замечания и/или предложения будет возможно в срок с 23 по 27 февраля (включительно) на информационной системе ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(702)2309090.

БОЛАШАҚҚА БАСТАР СЕҢІМДІ ҚАДАМ

Қазіргі кезеңде Орталық Азия инновациялық университеті – аймақтағы интеграция мен жаһандану үдерістеріне белсене атсалысатын, заманауи талаптарға сай дамып келе жатқан жетекші білім беру мекемелерінің бірі. Университет құрылымында 4 факультетке біріккен 8 кафедра жұмыс істейді. 20 ғылым докторы, 140 ғылым кандидаты мен доцент, ғылым магистрлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім саласының үздіктері мен республикаға еңбегі сіңген жаттықтырушылар білім алушыларға сапалы білім беріп, өнегелі тәрбие қалыптастыруда.



УНИВЕРСИТЕТ ҚҰРАМЫНДАҒЫ «БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» КАФЕДРАСЫ ТАЛАПҚЕРЛЕРДІ ОҚУҒА ШАҚЫРАДЫ

Жас ұрпақты тәрбиелеу мен даярлауда ерекше маңызға ие салалардың бірі – **дене шынықтыру және бастапқы әскери дайындық**. Бұл бағыттар тек кәсіби маман даярлаумен шектелмей, қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыруға, жастардың әскери-патриоттық рухын нығайтуға, ұлттық қауіпсіздік пен ел қорғанысына үлес қосуға бағытталған. Осы маңызды міндеттерді жүзеге асыру жолында «**Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру**» кафедрасы көпжылдық тәжірибеге, білікті профессор-оқытушылар құрамына және заманауи материалдық-техникалық базаға сүйене отырып, жоғары сұранысқа ие мамандарды даярлауды жүзеге асырып келеді.

«Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру» кафедрасының негізгі миссиясы – білім беру жүйесі мен қоғам сұранысына сай, кәсіби құзыреттілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, шығармашыл әрі жауапкершілігі мол мамандарды даярлау. Кафедра қызметінің басты бағыттары:

- дене шынықтыру және спорт саласы үшін педагог кадрларды даярлау;
- бастапқы әскери дайындық пәні бойынша кәсіби мұғалімдер қалыптастыру;
- білім алушылардың патриоттық тәрбиесін күшейту;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыстарды дамыту.

Оқу үдерісі теория мен практиканың тығыз байланысында ұйымдастырылып, білім алушылардың кәсіби дағдыларын ерте кезден қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Кафедра төмендегі білім беру бағдарламалары бойынша бакалавр мамандарын даярлайды:

6B01412 – «Дене шынықтыру және спорт» (IP). Аталған білім беру бағдарламасы инклюзивті және ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалармен жұмыс істей алатын, заманауи педагогикалық технологияларды меңгерген мамандарды даярлауға бағытталған. Бағдарлама түлектері білім беру ұйымдарында, спорт мектептерінде, оңалту орталықтарында және дене шынықтыру-сауықтыру мекемелерінде табысты еңбек ете алады. Бағдарлама аясында студенттер:

- дене шынықтыруды оқытудың инновациялық әдістерін;
- бейімделген спорт түрлерін;
- инклюзивті білім беру негіздерін;
- денсаулықты сақтау технологияларын меңгереді.

6B01404 – «Дене шынықтыру және спорт». Бұл бағдарлама жалпы білім беретін мектептерге, колледждерге, спорт ұйымдарына арналған кәсіби дене шынықтыру мұғалімдері мен жаттықтырушыларды даярлауға

бағытталған. Оқу барысында студенттер педагогика, психология, спорттық жаттығу теориясы, спорт физиологиясы, әдістеме және басқару негіздерін жан-жақты меңгереді. Бағдарлама түлектері:

- дене шынықтыру пәнінің мұғалімі;
- спорт жаттықтырушысы;
- нұсқаушы-әдіскер;
- спорттық-букаралық іс-шараларды ұйымдастырушы ретінде қызмет атқара алады.

6B01401 – «Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау». Бұл білім беру бағдарламасы жастарды әскери-патриоттық рухта тәрбиелейтін, әскери іс негіздерін терең меңгерген, тәртіп пен жауапкершілікті жоғары қоятын мұғалімдерді даярлауға арналған. Бағдарлама мазмұнына:

- әскери дайындық негіздері;
- азаматтық қорғаныс;
- алғашқы медициналық көмек;
- әскери-патриоттық тәрбие әдістемесі;
- тактикалық және саптық дайындық пәндері енгізілген.

Түлектер жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде, әскери-патриоттық клубтарда және түрлі білім беру ұйымдарында табысты еңбек ете алады. Кафедра оқу үдерісін сапалы ұйымдастыру үшін заманауи талаптарға сай жабдықталған:

- спорт залдарымен;
- ашық және жабық спорт алаңдарымен;
- әскери дайындық кабинеттерімен;
- арнайы оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген.

Студенттер оқу барысында өндірістік және педагогикалық тәжірибелерден өтіп, теориялық білімдерін нақты практикамен ұштастыру мүмкіндігіне ие болады. Сонымен қатар, түрлі спорттық жарыстарға, ғылыми конференцияларға, әскери-патриоттық іс-шараларға белсенді қатысады.

Кафедра түлектері еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие. Білім беру мекемелерімен, спорт ұйымдарымен және мемлекеттік құрылымдармен тығыз байланыс орнату арқылы түлектерді жұмысқа орналастыруға қолайлы жағдай жасалған. Бүгінгі таңда кафедра түлектері:

- мектептер мен колледждерде;
- спорт мектептері мен клубтарда;
- әскери-патриоттық орталықтарда;
- дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінде табысты еңбек етуде.

Егер сіз:

- дене шынықтыру мен спортты өмірлік ұстанымды деп санасаңыз;
- Отанға қызмет етуді абыройлы міндет деп білсеңіз;
- жастарды тәрбиелеу мен дамытуға үлес қосуды қаласаңыз;
- тұрақты әрі беделді мамандық иесі болғыңыз келсе, онда «**Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру**» кафедрасы сізді өз қатарында көруге дайын! Біз сізге сапалы білім, кәсіби орта, жан-жақты даму және сенімді болашақ ұсынамыз. **Болашағыңызға бүгін қадам жасаныз – бізбен бірге білім алып, ел дамуына үлес қосыңыз!**

Қ.С.ҚАЛМҰРЗАЕВ,
БӘД және Дене Шынықтыру кафедрасының меңгерушісі.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru

ӨЗГЕНІ СЫНАҒАНША, ӨЗІНДІ ТҮЗЕТІ
ҚЫЗМЕТ
Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС
Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ
Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА
Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады
Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй
Таралымы 3100 дана. Тапсырыс